

3-дәріс. Қорқыт Ата дүниетанымы

Дәрістің мақсаты: Қорқыт Атаға қатысты халық жадында сақталған аңыздар мен «Қорқыт ата» кітабының мазмұнымен таныстыру. Қорқыт атаның өмірдің мәнін іздеу, өмір мен өлім туралы айтқан ойларын талдау.

Қорқыт Ата IX-X ғасырларда Сырдария бойын мекендеген қыпшақ-оғыз тайпаларынан шыққан әйгілі жырау, абыз, күйші және ойшыл. Қорқыт Ата туралы аңыздардың ішіндегі ең құндысы да, дәлірегі де атақты тарихшы Рашид-ад Диннің Қорқыт Ата, оғыздар және олардың ұрпақтары туралы жазбалары.

Қорқыт тарихта белгілі адам. Ерте заманның білімпаз-ғұламаларының жазуына қарағанда, Қорқыт Сыр өзенінің бойындағы Жанкент қаласында, Баят елді-мекенінде дүниеге келіп, Алтай, Ертіс, Ұлытау, Кіші Тау, Есіл, Нұра, Сарысу, Талас, Сайрам, Қаратау, Жетісу елді-мекендеріне билік жүргізген Инал, Кул еркін, Қаңлы қожа сияқты хандардың кеңесшісі қызметін атқарған.

Қазіргі уақытта Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында Қорқыт Атаның ескерткіші орнатылған. Қорқыт сол жерде жерленген деген сөздер де бар. Бірақ, Қорқыттың зираты көптеген түркі елдерінде кездеседі. Түріктер де, әзірбайжандар да «бізде де Қорқыттың зираты бар» – дейді.

Қорқыт – ел бірлігін нығайтқан ойшыл, саяси қайраткер, түркі дүниетанымының бастауында тұрған ғұлама. Ол, халық танымында мәңгі өлмейтін өмірдің кілтін іздеуші және мәңгілік өмірді аңсаушы болып қалған тұлға. Түркі-қазақ философия тарихында алғашқылардың бірі болып «өмір мен өлім» мәселесін көтерген ойшыл.

Қорқыт Ата өлмес өмірдің кілтін іздеп, шартарапты шарлайды. Қайда барса да Қорқыттың көрін қазып жатқандарды көріп, одан әрі кетіп, Сырдария жағасына барған деген аңыздар да бар. Майталман күйші ретінде қазақтың ұлттық аспаптары қобыз бен домбыраны ойлап тапқан деген де деректер бар.

Халық ежелден Қорқытты әулие деп танып, оның дүниеге келуі, өлімнен қашуы және өмірлік философия туралы көптеген аңыз

қалдырған. Соның бірі – Қорқыттың өмірге келуі жайлы тарихи аңыз. Аңызға сүйенсек, анасы Қорқытты құрсағында үш жыл, тоғыз күн көтеріп, жыл сайын Қорқыттың дүниеге келуіне қамданған. Құрсақта жатқан үш жыл, тоғыз күннен кейін Қорқыт көк аспанға қара бұлт торлатып, бүкіл дүниежүзін сілкіндіріп, алпауыт дауылмен қоса дүниеге келеді. Қорқыттың туылар күнінде найзағай ойнап, үш күн, үш түн бойы аспан мен жер бетін қара түнек басады. Табиғаттың бұндай күйіне таңырқаған жұртты үрей билеп, нәрестенің өмірге келуін «дүниеге киелі адам келді» – деп жориды. Дүниеге келер алдындағы осындай табиғат тылсымынан кейін «Қорқыт» есімі берілген екен. Ал, кейбір деректерге сүйенсек, «Қорқыт» есімі «құт», «береке» немесе «құт әкелуші» деген ұғымды білдіреді. Дегенмен, «Қорқыт» – деген өзінің аты ма, жоқ әлде лақап аты ма, оған қатысты нақты тарихи дерек жоқ.

«Қайда барсаң, Қорқыттың көрі» – деген аңыз да көп тараған. Бұл аңыздың шығу тарихы Қорқыттың жас кезінен адам өмірінің қысқалығына налып, мәңгілік өмірді іздеуінде жатыр. Қорқыт өмірді өнерге айналдырған ойшыл. Ақын Мағжан Жұмабаевтың айтуынша, өнерді өмірге айналдыру үшін қобыз ойлап тауып, өмірді өнер арқылы түсінгендігін келтіреді. Шын мәнісінде, қазіргі заман үшін мықты кейс.

«Өлмейтін өмірдің кілті – өнерде» деген сөзінің астарында терең ой мен тағылымды байқаймыз. Өнерді өмірдің мәніне айналдыру деген – ең үлкен бақыт.

3.2. Қорқыт Ата кітабы

«Қорқыт Ата кітабы» – түркі халықтарының ежелгі тарихын, өмір салтын, әдет-ғұрпын, дүниетанымын танытатын эпикалық-тарихи мұра. Ол 12 түрлі бөлім және оның әрқайсысы өзінше аяқталған шығармаға ұқсайды. Бұл еңбек көне замандарда пайда болған аңыз, қиссаларға апарады. Мысалы, Дерсе хан жөніндегі аңызда әйелінің кеңесі бойынша, хан халыққа садақа үлестіріп, ата-бабасының аруағына сиынып, тәңірден бала тілеп алады. Ол бала дәу бұқаны жұдырықпен ұрып-жыққаны үшін, Бұқаш аталып кетеді. Мұндай сарындағы аңыздар қазақ ауыз әдебиетінде көптеп кездеседі.

«Қорқыт Ата кітабының» негізгі екі нұсқасы бар. Оның бірі – 1815 жылы Фон Диц тапқан он екі жырдан тұратын Дрезден нұсқасы. Ал екіншісі – италиялық түрколог Этторе Россидің Ватикан кітапханасынан тапқан алты жырдан тұратын нұсқасы. Сыртында «Қазан Бек және басқаларының оғызнама хикаялары» – деп жазылған. Сондай-ақ, Дрезден қолжазбасының Фон Диц жасаған көшірме нұсқасы Берлин корольдік кітапханасында сақтаулы тұр. Ал, 2018 жылы Тегеранда Уәли Мұхаммед Қожа жазба жәдігердің үшінші нұсқасын тапты. «Түркістан», «Гүнбед» немесе «Түрікмен сахра» деп аталатын бұл нұсқа да қазіргі таңда ғылыми айналымға түскен.

Бірінші нұсқа – Дрезден корольдік кітапханасында Х.Флейшер каталогы бойынша 86-нөмірмен тіркелген, араб әріптерімен жазылған 153 парақтық қолжазба. Қолжазбаның бірінші парағында шығарманың аты «Китаб-ы Деде Коркут ала лисан-и таифе-и Оғузан» (Оғыз тайпасының тіліндегі Қорқыт атам кітабы) деп көрсетілген.

Бұл нұсқа төмендегідей 12 жырдан тұрады:

1. Дерсе хан ұлы Бұқаш хан жыры;
2. Салор Қазанның үйінің шабылғаны туралы;
3. Қам Бөрінің ұлы Бамсы Бейрек туралы;
4. Қазан бектің ұлы Ораз бектің тұтқын болғаны туралы жыр;
5. Дұқа Қожа ұлы Делі Домрұл туралы;
6. Қаңлы Қожа ұлы Қан Тұралы туралы;
7. Қазылық Қожа ұлы Йегенек туралы;
8. Бисаттың Төбекөзді өлтіргені туралы жыр;
9. Бегіл ұлы Әмірен туралы жыр;
10. Үшүн Қожа ұлы Секрек туралы жыр;
11. Салор Қазанның тұтқын болып, оны ұлы Ораздың құтқарып алғаны туралы жыр;
12. Іш Оғыздың Сырт Оғызға жау болып, Бейректің өлгені туралы жыр.

Жыр ескі оғыз тілінде жазылып, алғашқы үш тарауы Сыр өзені бойында, ал қалғаны Кавказ жеріндегі оқиға барысы баяндалады. Жалпы жырды ғалымдар тарихи-шежірелік тұрғыдан үш кезеңге де бөледі.

Бірінші. Оғыз-қыпшақ ұлысының ұйымдасу кезеңін суреттейтін жырлар.

Екінші. Түрікмен және пешене тайпалары арасында 34 жылға созылған қарым-қатынас баяндалады.

Үшінші. Оғыз-қыпшақ ұлысының ыдырау заманын білдіретін жырлар.

Жалпылай айтқанда, Қорқыт Ата кітабындағы жырлар Кавказ, Орта Азия, Қазақстан елді-мекендеріндегі тайпалардың, соның ішінде оғыздардың өмір-салты қамтылған жәдігер. «Жалпы түркі әлемінің ортақ кемеңгер тұлғасы – Қорқыттың өмір философиясының негізі – адамның қатаң тағдыр мен тылсым әлем алдындағы қорқынышына, үрейге, трагизмге негізделген емес, ол керісінше, осы мәселеге терең назар аударып қарасақ, адамға берілген өмірді барынша қадірлеп, дәріптеп, оның кейбір еленбей келген қырларын айқындап, оны барынша жоғары деңгейге көтеріп, лайықты сүруге, оны «Адам» деген атқа сай келетін тұрғыда ғана түсінуге, зерделеуге, оны барынша мазмұнды, мәнді өткізуге шақыратынын байқаймыз» (*Түркі дүниесінің ойшылдары. 1-кітап. Астана: ТОО «Proper Print», 2013.-508/46 бет*)

ССРО Ғылым академиясының баспасы 1962 жылы «Книга моего деда Коркута» деген атпен орыс тілінде басып шығарған. Бұдан басқа К.Иностранцев, Ә.Диваев, Туманский, Кастанье, В.Бартольд және тағы басқа шығыстанушы, түркологтар зерттеген. Ал, қазақ тілінде алғаш рет Әуелбек Қоңыратбаев 1986 жылы шығарды. Қоғам қайраткері, ғалым Мырзатай Жолдасбеков те Қорқыт Ата туралы біршама кітаптар шығарған.